

Халықтың нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 9 қаңтардағы № 2 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 30 қаңтарда № 2995 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 6 мамырдағы № 200 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданы әкімдігінің 06.05.2016 № 200 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 31 бабының 2 тармағына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 5 бабының 2 тармағына сәйкес, Түлкібас ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Түлкібас ауданында нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесі төмендегідей белгіленсін.

1) зейнеткерлік жасқа жеткенге дейін 50 жастан асқан адамдар;

2) алып тасталды - Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданы әкімдігінің 21.12.2015 № 602 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі);

3) ауылдық жерлерде тұратын әйелдер.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ө.Маткеримовке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімінің міндетін
уақытша атқарушы*

М.Жанесен